

Кәсіптік біліктілікті тану емтиханынан өту үшін КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Кәсіптік біліктілікті тануға үміткер кандидат - өзінің кәсіптік біліктілігін тану үшін өз еркімен, дербес немесе жұмыс берушінің жолдамасы бойынша жүгінген жеке тұлға.

«Кәсіптік біліктілік туралы» 2023 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы

Кандидат кәсіптік біліктілікті тану емтиханынан немесе емтихандарынан өту үшін:

1) еңбек функцияларын орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпке, өндіріс ерекшелігі мен еңбек қауіпсіздігі жағдайларына қойылатын талаптар негізге алына отырып **белгіленген жасқа сәйкес келуге**;

2) кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес кәсіптік біліктілікті тану үшін қажетті **құжаттардың толық топтамасын ұсынуға**;

3) кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өткен кезде Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитариялық-гигиеналық нормалар саласындағы заңнамасында белгіленген **талаптарды сақтауға тиіс**.

2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 374 Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларының 2-тарауы

Кандидат кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту үшін тану орталығына қағаз нысанда ұсынады немесе Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасы (бұдан әрі – ҰБЖ цифрлық платформасы) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) білім туралы құжаттың және (немесе) білім туралы құжатты тану туралы куәліктің, оқудан өткенін, оның ішінде қысқа мерзімді курстардан өткенін куәландыратын құжаттың, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған адамдарға анықтаманың, бейресми білім беруді тану үшін сертификаттың немесе оқуды аяқтау туралы куәліктің көшірмесін; жеке басты куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің көшірмесі;

3) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттардың көшірмелері (бар болса).

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар білім деңгейіне және еңбек өтілінің болуына қойылатын талаптар тиісті кәсіптік стандарттарда, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарында белгіленген жағдайда ұсынылады.